



СЕЛСКОСТОПАНСКА АКАДЕМИЯ

ИНСТИТУТ ПО РАСТИТЕЛНИ ГЕНЕТИЧНИ РЕСУРСИ "К. Малков"

Садово, 4122, ул. "Дружба" 2, тел./факс: 032/629026; ц.тел: 03118 2251; e-mail: ipgr\_sadovo@abv.bg

## ОТЗЫВ

научного консультанта на диссертацию на соискание степени  
доктора философии (PhD) по специальности 6D080900 – Плодоовощеводство

**Автор диссертационного труда:** ЗОРЖАНОВ БЕРИК ДОКТОРХАНОВИЧ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ АГРАРНЫЙ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ

**Тема диссертации:** «Технология производства экологически чистой  
продукции бахчевой культуры на юго-востоке Казахстана»

проф., д-р Тенчо Любенов Чолаков, профессиональное направление -  
*Растениеводство*, научная специальность «*Овощеводство*», Растительно-  
генетический институт «*К. Малков*»- г. Садово, Болгария.

Представленная Зоржановым Б.Д. к защите диссертационная работа на соискание степени доктора философии (PhD) посвящена актуальной теме – технологии производства экологически чистой бахчевой продукции на основе использования экологических новых сортов отечественной селекции, биологической защиты арбуза от вредных организмов в условиях юго-востока Казахстана.

В настоящее время во всем мире особое внимание уделяется биологическому или альтернативному земледелию и имеются большие финансовые ресурсы, принадлежащие и этой отрасли производства. Ведущие страны мира целенаправленно и систематически отдают приоритет развитию собственного растениеводства. В этом плане, по сравнению с этим, производство и рынок экологически чистой продукции в Казахстане находится на начальной стадии развития. Органическая продукция импортируется в Казахстан в основном из Европы, что влечет за собой высокую цену. Кроме того, в нашей стране созданы все условия для развития органического сельского хозяйства.

Для Казахстана биологизация продукции бахчевого хозяйства имеет большое значение, так как напрямую связана со здоровьем населения. Поэтому ценность экологичности производимой садовой продукции высока. Особую актуальность приобретает производство натуральной, высококачественной бахчевой продукции для полноценного, правильного использования населением Казахстана, улучшения здоровья населения.

Результаты исследования положительно влияют на развитие науки и производства по органическому бахчевому хозяйству в республике,

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ  
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ



закладывают основу биологических технологий по производству экологически чистой бахчевой продукции. Экологически чистый, высококалорийный, не содержащий нитратов арбузный продукт, производимый биологическими бахчевыми хозяйствами, улучшает здоровье населения и приносит богатый доход фермерским хозяйствам.

Исследования в области биологического бахчеводства актуальны и особенно важны для производителей и потребителей бахчевых продукции.

Обеспечение производства экологически чистой бахчевой продукции на основе использования новых экологически чистых сортов отечественной селекции, защиты арбузов от вредных организмов и биологизации систем минерального питания в условиях юго-востока Казахстана.

Результаты исследования имеют большое значение в национальном масштабе, поскольку направлены на создание «биологического бахчеводство», предназначенного для обеспечения населения экологически чистыми бахчевыми продуктами.

Разработанная на основе наших исследований экологическая агротехника производства бахчевой продукции имеет первостепенное значение для перерабатывающей промышленности, что позволяет обеспечить эту отрасль высококачественным, чистым бахчевым сырьем.

В результате научно-исследовательской работы на государственном сортоиспытании был зарегистрирован новый урожай арбузов. Название экологического сорта – «Грант». Результаты исследования положительно повлияют на развитие науки по экологическому бахчевому хозяйству в республике, станут началом широкого внедрения в производство «зеленых» (биологических) технологий по производству экологически чистой продукции.

Это новое исследование для республики, поэтому впервые будет проведено в бахчевом хозяйстве Казахстана.

Данная диссертационная работа проводилась в отделе селекции овощных и бахчевых культур территориального филиала «Кайнар» ТОО «Казахский научно-исследовательский институт плодоовощеводства». АР08052493 грантовый проект на тему «Технология производства экологически чистой бахчевой продукции (арбуз, дыня) в условиях юго-востока Казахстана» (государственная регистрация №0120РК00175) целевая программа молодежных грантов (2020-2022 гг.), Зоржанов Б.Д. являлся ответственным исполнителем грантового проекта.

По теме диссертации опубликовано: 17 научных статей, 3 статьи, включенных в базу данных СКОПУС, 2 статьи в ККСОН, 12 статей на международных конференциях. Передано в ГСИ и на патентоспособность в 2021 году новый сорт арбуза ГРАНТ.

На основании вышеизложенного, считаю, что диссертационная работа Зоржанова Б.Д. на тему «Технология производства экологически чистой продукции бахчевой культуры на юго-востоке Казахстана», представляет собой как цельный завершённый результат научного труда, имеющую

научную новизну, практическую ценность и достоверность результатов исследований.

Соответствует требованиям, предъявляемым к докторским диссертациям на соискание степени доктора философии (PhD) по специальности 6D080900- «Плодоовощеводство», а ее автору Зоржанову Берику Докторхановичу заслуживает присуждения степени доктора философии (PhD) по этой специальности.

Научный консультант, ВНС  
Растительно-генетического института  
«К. Малков», профессор PhD, Тенчо Чолаков

Дата: 28.09. 2022 г.  
гр. Садово





**С Е Л Ъ С К О С Т О П А Н С К А   А К А Д Е М И Я С Ы**  
**«К. МАЛКОВ» АТЫНДАҒЫ ӨСІМДІК ГЕНЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАРЫ**  
**ИНСТИТУТЫ**

Садово,4122, Дружба-сі, 2, тел./факс: 032/629026;ц.тел: 03118 2251;е-  
mail:ipgr\_sadovo@abv.bg

6D080900 - «Жеміс-көкөніс шаруашылығы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған диссертацияға  
**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ**

**Диссертациялық жұмыстың авторы: ЗОРЖАНОВ БЕРИК**  
**ДОКТОРХАНҰЛЫ, ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ**  
**УНИВЕРСИТЕТІ**

**Диссертациялық тақырыбы: «Қазақстанның оңтүстік-шығысында**  
**экологиялық таза бақша өнімдерін өндіру технологиясы»**

**проф., доктор Тенчо Любенов Чолаков**, кәсіби бағыты – *Өсімдік шаруашылығы*, ғылыми мамандығы «*Көкөніс шаруашылығы*», «К. Малков» атындағы өсімдік генетикалық ресурстары институты - Садово қ., Болгария.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Зоржанов Б.Д. қорғауға ұсынған диссертациялық жұмыс өзекті тақырыпқа – отандық селекцияның экологиялық жаңа сұрыптарын пайдалану, Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайларында қарбызды зиянкестерден биологиялық қорғау негізінде экологиялық таза бақша өнімдерін өндіру технологиясына арналған.

Қазіргі таңда бүкіл әлемде биологиялық немесе баламалы егіншілікке ерекше көңіл бөлініп жатыр және өндірістің осы саласына да тиесілі үлкен қаржы ресурстары бар. Әлемнің жетекші елдері мақсатты және жүйелі түрде өздерінің өсімдік шаруашылығын дамытуға басымдық береді. Бұл тұрғыдан салыстырып қарағанда, Қазақстанда экологиялық таза өнімдер өндірісі мен нарығында дамудың бастапқы сатысында тұр. Органикалық өнімдер Қазақстанға негізінен Еуропадан импортталады, бұл бізге жоғары бағаға әкеп соғады. Сонымен қатар, біздің елімізде органикалық ауыл шаруашылығын дамыту үшін барлық барлық жағдай жасалған.

Қазақстан үшін бақша шаруашылығының өнімдерін биологияландыру үлкен маңызға ие, өйткені бұл халықтың денсаулығымен тікелей байланысты. Сондықтан өндірілетін бақша өнімдерінің экологиялығының мәні жоғары. Қазақстан халқының толыққұнды, дұрыс пайдалануы, халық денсаулығының артуы үшін табиғи, жоғары сапалы бақша өнімдерін өндіру ерекше өзектілікке ие болады.

Зерттеу нәтижелері республикадағы органикалық бақша шаруашылығы бойынша ғылымның және өндірістің дамуына оң әсер етеді, экологиялық таза бақша өнімдерін өндіру бойынша биологиялық технологиялардың негізін



қалайды. Биологиялық бақша өсіруші шаруашылықтармен өндірілетін экологиялық таза, жоғары дәруменді, нитратсыз қарбыз өнімі халықтың денсаулығын жақсартады, ал шаруа қожалықтарына мол табыс әкеледі.

Биологиялық бақша шаруашылығы бойынша зерттеулер өзекті және бақша өнімдерін өндірушілер мен тұтынушылар үшін аса маңызды.

Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында бейімделген, отандық селекцияның экологиялық жаңа сұрыптарын пайдалану, қарбызды зиянды организмдерден қорғау және минералдық қоректендіру жүйелерін биологияландыру негізінде экологиялық таза бақша өнімдерінің өндірісін қамтамасыз ету.

Зерттеу нәтижелері ұлттық ауқымда аса үлкен маңызға ие, себебі халықты экологиялық таза бақша өнімдерімен қамтамасыз етуге арналған «биологиялық бақша» құруға бағытталған.

Біздің зерттеулеріміздің негізінде әзірленген бақша өнімін өндірудің экологиялық агротехнологиясы қайта өңдеу өнеркәсібі үшін аса маңызды, ол осы саланы жоғары сапалы, таза бақша шикізатымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижесінде Мемлекеттік сортсынаққа қарбыздың жаңа өнімі тіркелді. Экологиялық сорттың атауы – «**Грант**». Зерттеу нәтижелері республикада экологиялық бақша шаруашылығы бойынша ғылымның дамуына оң ықпал етеді, экологиялық таза өнім өндіру бойынша «жасыл» (биологиялық) технологиялардың кеңінен өндіріске енуіне бастау болады.

Бұл республика үшін жаңа зерттеу болып табылады, сондықтан алғаш рет Қазақстанның бақша шаруашылығында өткізілетін болады.

Бұл диссертациялық жұмыс «Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-нің «Қайнар» аумақтық филиалындағы көкөніс және бақша дақылдарының селекциясы бөлімінде жүргізілді. АР08052493 «Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында экологиялық таза бақша (қауын, қарбыз) өнімдерін өндіру технологиясы» тақырыбындағы гранттық жоба (Мемлекеттік тіркеу №0120РК00175) жастар арасындағы грант мақсатты бағдарламасы (2020-2022 жж.) аясында жүргізіліп Б.Д. Зоржанов жоба орындаушысы болды.

Диссертация тақырыбы бойынша: 17 ғылыми мақалалар жарияланды, SCOPUS негізінде 3 мақала, ҚКСОН-да 2 мақала, халықаралық конференцияларда 12 мақала. 2021 жылы Мемлекеттік сортсынаққа және патентке қабілеттілікке қарбыздың жаңа ГРАНТ сорты ұсынылды.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Б.Д. Зоржановтың «Қазақстанның оңтүстік-шығысында экологиялық таза бақша өнімдерін өндіру технологиясы» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалығы, тәжірибелік құндылығы және зерттеу нәтижелерінің сенімділігі бар ғылыми еңбектің тыңғылықты аяқталған нәтижесі болып табылады деп айта аламын.

6D080900 - «Жеміс-көкөніс шаруашылығы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін докторлық диссертацияларға



қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы Зоржанов Берик Докторхановичке 6D080900 - «Жеміс-көкөніс шаруашылығы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық.

Ғылыми кеңесші «К. Малков» атындағы өсімдік генетикалық ресурстары институтының жетекші ғылыми қызметкері, профессор, PhD Тенчо Чолаков

Күні: 2022.09.28

Садово қ.

*/Мөр: ӨСІМДІК ГЕНЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАРЫ ИНСТИТУТЫ  
САДОВО. СЕЛЬСКОСТОПАНСКА АКАДЕМИЯСЫ/*

*Тенчо Чолаковтің [қойылған қолы]*

